

# Кәсіпкерлік: түсінігі мен мәні

1. Кәсіпкерлік дегеніміз не?
2. Кәсіпкердің экономикадағы рөлі.
3. Табысты кәсіпкердің негізгі белгілері.

## Кәсіпкерлік ұғым ретінде көптеген экономист-ғалымдар қарастырған

Алғаш рет кәсіпкер түсінігін XVII-XVIII ғасырда  
ағылшын экономист Ричард Контильон енгізген

**“Кәсіпкер - ол тәуекел жағдайында іс-әрекетін жүзеге асыратын  
адам”**

## Француз экономист Жан Батист Сэй (1767-1832 жж.)

Кәсіпкерлік қызметі үшін қажетті 3 өндіріс фактор:

**Жер, Еңбек, Капитал**

Оларды өндіріс процесте біріктіретын күш ол **Кәсіпкерлік**

Кәсіпкер:

1. өнім өндіреді
2. тәуекелге барады,
3. өз есебінен өз пайдасын табады

## Адам Смиттің (1723-1790 жж.) пікірінше

### Кәсіпкер -

1. Капиталдың меншік иесі
2. Белгілі бір коммерциялық идеяларды жүзеге асырады
3. Пайда табу үшін тәуекелге барады

Вернер Зомбарт (1863-1941 жж.)  
кәсіпкер жаулап алушы, ұйымдастырушы және  
саудагер деп есептеді.

- Жаулап алушы-кәсіпкер жаңа нарықтарды ашады;
- Ұйымдастырушы - өндіріс процесін жасайды және қамтамасыз етеді
- Саудагер - сатып алатын және сата алатын адам

## Йозеф Шумпетер (1883-1950 жж.) кәсіпкер түсінігін «новатор» ретінде сипаттады

Кәсіпкер - бұл жаңа технологияларды әзірлейтін новатор:

1. жаңа өнімдерды өндіреды және қызметтерды көрсетеды;
2. өндірістің жаңа әдістерін анықтайды немесе жаңа технологияларды енгізеды;
3. жаңа нарықтарды ашады;
4. жабдықтаудың (шикізаттың) жаңа көздеріне ие болу мүмкіндіктерін көрсетеды;
5. ұйымдастырудың жаңа нысандарын анықтайды

## Кәсіпкерліктің үш аспектісі бар

- экономикалық категория ретінде,
- экономикалық қызметтің әдісі және
- экономикалық ойлаудың ерекше түрі ретінде

Кәсіпкерлікті экономикалық категория ретінде сипаттау үшін оның субъектілері мен объектілерін белгілеу орталық мәселе болып табылады:

- Шаруашылық субъектілері жеке тұлғалар, әр түрлі бірлестіктер (акционерлік қоғамдар, арендалық ұжымдар, кооперативтер) және мемлекет болуы мүмкін.
- Кәсіпкерлік субъектілері экономикалық қызметтің кез келген түрі, коммерциялық делдалдық, сауда-сатып алу, инновациялық, кеңес беру қызметі, бағалы қағаздармен операциялар болуы мүмкін.



Кәсіпкерлікті шаруашылықтың әдісі ретінде қарастыра отырып, кәсіпкерліктің шарттарын атаған жөн.

- Шаруашылық жүргізуші субъектілердің дербестігі
- Қабылданған шешімдер және соған байланысты тәуекелдер үшін жауапкершілік
- Коммерциялық табысқа, пайда табуға ұмтылу

Кәсіпкерлік экономикалық ойлаудың ерекше түрі ретінде іс жүзінде жүзеге асырылатын шешім қабылдауға өзіндік көзқарастар мен тәсілдер жиынтығымен сипатталады.

Кәсіпкерлік - сана, табиғат қасиеті.

Шумпетер кәсіпкер басқалардың істемейтінін жасайды деп жазды

## Кәсіпкерлік -

бұл жеке азаматтардың немесе олардың топтарының  
пайда табуға бағытталған кез келген қызметі,  
өз тәуекелімен, өзінің мүлiктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын  
дербес бастама

## Кәсіпкерліктің функциялары:

- **Ресурстық** - өндіріс факторларының (жер, еңбек, капитал) біртұтас пайдалану;
- **Ұйымдастырушылық** - жоғары табыс алу үшін кәсіпкерлердің өз мүмкіндіктерін пайдалануы;
- **Шығармашылық** - қызметте инновацияны қолдану

## Қазақстан Азаматтық кодексте мынадай анықтама берілген:

«Кәсіпкерлік -

меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған (жеке кәсіпкерлікке не мемлекеттік кәсіпкерлікке негізделген) ынталы қызметі

# Қазақстан Республикасының Конституциясында

атап көрсетілген әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігі,  
өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін  
еркін пайдалануға құқығы бар

## Кәсіпкерліктің негізгі қағидалары:

- кәсіпкерлік қызметке азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктері мен қаражаттарын тарту;
- кәсіпкерлік қызметті іске асыру мен даму бағыттарын дербес анықтау;
- материалдық, қаржылық, еңбек, табиғи және басқа да ресурстарды тарту және пайдалану;
- салық және басқа да міндетті төлемдерді, міндеттемелерді төлегеннен кейін қалған табыс көлемін бөлу еркіндігі

## Кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілері:

- мүліктік және ұйымдастырушылық дербестік;
- тәуекел мен жауапкершіліктің болуы;
- экономикалық мүдделілік немесе табыс табу;
- қоғамдық қажеттілікті және сұранысты қанағаттандыру үшін өнім өндіру;
- заң шеңберінде іскерлік іс-әрекеттерді жүзеге асыру



## Кәсіпкерлік қызметінің саяси шарттар:

- Саяси тұрақтылық
- Нарықтық қатынастарды дамытуға бағытталған экономикалық саясат;
- Төлем төлеуге қабілетті сұраныстың болуы (тұтынушылардың төлем қабілеттілігі);

## Кәсіпкерлікті дамыту үшін экономикалық қажетті шарттар:

- Меншіктің басым нысаны ретінде жеке меншік;
- Материалдық және қаржылық ресурстарды таңдау еркіндігі және өнім мен таза пайданы бөлу еркіндігі;
- Бастапқы капиталды қалыптастыру шарттарының болуы;
- Бәсекелестік ортаға бейімделу мүмкіндігі;
- Ақпаратқа еркін қол жеткізу, оның сенімділігі

## Кәсіпкерлік қызметінің әлеуметтік шарттары:

- белгілі бір талғамға, сәнге (модаға) сәйкес келетін тауарларды сатып алу;
- еңбек жағдайларын жасау және еңбекақы төлеу;
- кәсіпкерлер мамандарын даярлау және біліктілігін арттыру;
- этика және іскерлік мәдениет ережелерін сақтау

## Кәсіпкерлік қызметінің құқық шарттары:

- кәсіпкерлік қызметті реттейтін тиімді тұрақты құқықтық базаны қалыптастыру;
- монополияға қарсы заңнаманы дамыту;
- зияткерлік меншік объектілерін тиімді қорғау жүйесін қамтамасыз ету (өнертабыс, патент, лицензия және т.б.);
- шаруашылық қызметті тіркеудің және жабудың оңайлатылған тәртібін жүргізу;
- салықтарды төлеу

## Кәсіпкердің рөліне мыналар жатады:

- жаңа кәсіпорындар құру,
- инновациялық белсенділік,
- жаңа технологияларды игеру және
- тиімді бизнес үлгілерін енгізу

## Табысты кәсіпкердің негізгі белгілері:

- мақсатқа жетудегі батылдылық;
- жаңашыл ойлау және тәуекелге баруға дайын болу,
- тез өзгертін бизнес-ортаға бейімделу мүмкіндігі;
- көшбасшылық қабілеттер,
- команданы шабыттандыру және ынталандыру мүмкіндігі;
- уақыт пен ресурстарды басқару;
- үнемі оқуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады